- -750 кВ әуе желілерінің әсер ету аймағында 30 м аралық тіректерден 180 минут және анкерлік тіректердің пролетында 10 минут қана жұмыс істеу керек.


Өріс кернеулігін шектеудің конструктивті жолдары. Ең қарапайым жолы жоғары кернеулі желілерде проводтардың астына жерленген тросстарды орнату болып табылады. Тросстар 4-4.5 м биіктіктерде орналасады. Алайда тросстық экрандар желінін қымбаттауына әкеліп соғады. Сондықтан, ереже бойынша, тек желілердің қиылыстарында ғана орналасады. Ол тросстар қосымша темірбетон тіректердің арасына тартылады.

Бұл тәсіл ашық тарату құрылғыларында да өріс қозғалысын азайту үшін қолданылады. Жұмыс аймағында тросстардың арақашықтығы, олардың биіктігі потенциалдың кемуіне тікелей әсер етеді. Мұнда жұмыс аймағында жерленген тросстар токөткізгіш проводтардың астында 2.5 м биіктікте ілінеді. Жерленген тросстарды осы биіктікте кв ашық тарату құрылғыларының қосылған шиналарында фаза астында ілген жағдайда, жұмыс аймағында 1.8 м биіктікте потенциалды 30-дан 18 кВ-ке азайта алады.

Әуе желілерінің және ашық тарату құрылғыларының жобалауда, оптималды геометрикалық параметрлерін таңдағанда электр өрісінің әсер етуін азайтуға болады. Үшфазалы жоғары кернеулі желілердің проводтарын үшбұрышша орналастырғанда өріс ені азайып, кернеулік көбейе бастайды.

Электромагниттік өріс әсерінен қорғанудың бір тәсілі экрандау боп табылады.Экрандаушы құрылғылар құрылысына, көлеміне, орналасу аймағына жеке және топтық қорғаныс шарасын атқара алады. Оның құрылысына металлдан жасалған сетка қоршамалар және жерленген контурлар жатады.

Экрандаушы құрылғылардың қорғаныс қабілеті электростатикалық индукция қабілетіне негізделген. Бұл эффекттің мәнісі зарядталған немесе зарядталмаған өткізгіш денені ішкі электр өрісіне енгізгенде, өріс өткізгіш дененің ішінде жоғалып кетеді. Дененің кеңістігінде электр зарядтары пайда болады.



5.1 сурет – Экрандаушы құрылғы

Егер дене зарядталған болмаса, онда оған жиналған зарядтардың суммасы нолге тең болады. Егер экранды жерлеген жағдайда, экранның ішінде орналасқан ішкі кеңістікті өріс зарядтарынан тең дәрежеде қорғай алады. Сыртқы электр өрісі жерленген экран мен жер арасындағы патенциалдар айырмашылығы нолге тең болғандықтан әлсірейді.

Экрандар станционарлы және ауыспалы болып екіге бөлінеді.

Стационарлы экрандар эксплуатациондық жұмыстарда яғни, құрылғыны тексергенде, оперативті қайта қосу, майлы ажыратқыштарды ревизиялағанда, релелік аппаратты жөндегенде немесе тексергенде, комуттациялық апараттардың изоляциясын тексергенде қорғанысты қамтамасыз ету үшін қолданылады.

Навес-экрандарды арнайы бір-бірінен 10-20 см қашқтықта орналасқан қалайы қималардан жасайды. Оларды жерден 2-2.5 м биіктікте және ашық

тарату құрылғыларының учаскілерінде орнатады. Олардың ені 1.5 м, ал ұзындығы қорғалатын учаскінің көлеміне байланысты.




Рис. 1.2. Козырек-экран




Рис. 1.3. Навес-экран над пешеходной дорожкой

5.2 сурет –Жолбойындағы экран

Уақытша экрандаушы құрылғыларға *экрандаушы зонтты* жатқызуға болады.Экрандаушы зонт металданған матада жасалып жерлендіреді. Электр өрісінің кернеулігін бақылау үшін зонт ұстамшасында аранайы шарнир орналасқан.




5.3 сурет – Экрандаушы шатыр

Персоналдардың жеке қорғану құралдары.

Арнайы жеке қорғану құралы болып экрандаушы киім болып табылады. Ол арнайы 330 кВ-тан жоғары электрқондырғыларындағы электр өрісінің әсерінен қорғайды. Қорғаныс киімі электростатикалық экрандау принципіне негізделген. Бас киім металлдан немесе пласттмасаадн жасалған каска, ауа райы жылы уақытта қолданылады, күн суықта арнайы құлақшыны бар бас киім қолданылады. Аяқ киім арнайы былғарыдан жасалады.

Экрандаушы костюмдер ашық тарату құрылғыларында, жоғары кернеулі әуе беріліс желілерінде қолданысқа ие бола алады.



5.4 сурет – Өріске қарсы киім үлгісі

Қорғаныс іс шаралары.

Электр өрісінен қорғануда алдын ала қорғаныс шаралары үлкен маңызды. Жұмыс алдында құрылғыны, ток өткізгіш металл бөліктерді жерлеу қажет. Арнайы жәшік немесе шкафпен жұмыс жасағанда экрандау қабілеті

әсер ету үшін есікті ашу қажет. Электр өрісінде кейбір жұмыс кеңістіктерде экрандау қасиеті болуы мүмкін, сондықтан жұмысты арнайы қорғаныс заттарсыз жасауға болады.

Ашық тарату құрылғы территориясында персоналдың қорғаныс маршруты болуы қажет. Өріс кернеулігі 15 кВ/м болатын зоналарда олар арнайы ескертпелермен белгіленеді. Әсер ету аймағында жұмысқа көліктер мен басқа механизмдер жіберілмейді, тек олардың металл кабиналары аранйы жерленген болған жағдайда ғана рұқсат етіледі.

5.2 Статикалық электрленуден қорғану

Статикалық электрлену дегеніміз электр зарядының диэлектрик кеңістігіне немесе изоляцияланған өткізгіш бетіне әсер ету құбылысы. Статикалық электрлену зарядтары әр түрлі өндірістік жағдайларда қалыптасады, көбінесе металлдардың уйкелесу әсерінен де болады. Уйкеліскен бетте егер дене өткізгіш ретінде болса онда электр зарядтары жинала алады. Диэлектриктерде электр зарядатры ұзақ уақыт тұра алады, сондықтан статикалық электрлену атына йе болған.

Осындай жағдайлар индуктивті тізбектермен жұмыс жасаған кезде де

байқалады. Электрапараттарымен жұмыс жасау ережесі бойынша, күштік трансформаторларды өшіріп және олардың орамдарының арасындағы омдық кедергіні бақылау қажет.Қалдық зарядтың әсерінен адамда екінші ретті жарақаттар болуы мүмкін

Келтірілген заряд

Адамға сыртқы электромагнитті өрістің аймағындағы болатын металл

ток өткізбейтін конструкцияға жанасу кезінде осы заряд әсер етеді.Келтірілген зарядтардың пайда болу шарттары әр-түрлі. Электромагнитті өрістердің әрекет ету аймағындағы болатын көлемді металлдық заттарда келтірілген зарядтар пайда болады. Сыртқы өрістің әсерінен өткізгіштің ішкі өрістің нөлге тең болатын өткізгіш заттың бетіндегі заряд таралады. Сыртқы өрістің индукциясының векторы нақты зарядының таңбамен байланыстырады. Индукцияланған зарядтар сыртқы өрістің жоғалуы кезінде өзара компенсациялады.Электромагнитті индукцияның заңы бойынша жоғары жиілікті электромагнитті өрістің аймағында болатын сызықты металлдық заттарда мәні 1000 В-қа тең ЭҚК пайда болады.

Келтірілген зарядтардың қауіпті салдары –екінші ретті жарақаттар,

ұшқындық (доғалық) разрядпен күйік алу, жанармай жану кезінде өрт пайда болу.

Статикалық заряд

Статикалық электр зарядтары қатты, сұйық немесе газ сияқты диэлектриктердің үйкелісінен пайда болады. Зарядталатын статикалық электрдің пайда болу мүмкіндігі үлкен кедергісі бар пластикалық

материалдардың жаппай қолдануымен айтарлықтай үлкейді. Статикалық электрдің зарядтары биік потенциалдарды шығарады.

Мысалы, трактордың багына жанармайдың құюы кезінде, резеңке шлангінің жез ұшы Qст зарядын алады. Жерге (немесе бак) қатысты потенциал оның айдауының жылдамдығына тәуелділікте Uст = Qст/C =1,5 –14 кВ болады. Осы зарядталған затқа адам тиіп кету кезінде ұшқынмен күйік немесе екінші ретті жарақаттар болуы мүмкін.Жерге қатысты адам денесі 200 пФ шамасында сыйымдылығы болады. Егер адам оқшауыш (линолеум) еден үстінде тұрса, онда киімнің теріге қатысты үйкелісінің нәтижесінде 0,43 МДЖ-ге дейін энергиясы бар заряд жинала алады.Зарядталған конденсатордың энергиясы үшін белгілі өрнектен бұдан жерге қатысты дененің потенциалының мәні 500В асатыны белгілі; адамды жерленген металлдық затқа (жылыту батареясы, жұмыс киімі бар шкаф) тиіп Статикалық электрлену электрон мен иондардың кеңістікте күрделі алмасу процесінен пайда болады. Электрлену күші болып заряд танылады.

Зарядтардың құралу интенсивтілігі материалдардың қозғалыс жылдамдығына, кедергіге, жанасу аймағына байланысты күшейіп отырады. Зарядталған дененің электрлену дәрежесін оның жерге қатысты патенциалы сипаттайды.

Қорғану шараларын Электростатикалық өрістің кернеулігі кВм нан асып кеткенде қолдану қажет. Статикалық электрленуге қарсы қорғаныс затын таңдағанда қарастырылып отырған материалдың технологиялық ерекшеліктеріне, физикалық химиялық қасиетіне, микроклимат параметрлеріне мән беру қажет. Статикалық электрленуге қарсы қорғаныс екі бағытта жүреді:

-Электр зарядының қалыптасу интенсивтілігін төмендету

-Қалыптасқан зарчдтарды жою.

Электр зарядтарының қалыптасу интенсивтілігін тіреу күшін және жылдамдығын азайту арқылы жүзеге асады. Электростатикалық зарядтың қалыптасуын тежейтін тәсіо ол ауаны ионизациялау. Ионизатордың көмегімен пайда болған иондар статикалық зарядты нейтралдайды.

5.3 Шу-500 қосалқы станциясының диспечерлік бөлімінің вентилияциясын анықтау

Өндірістік орындарлағы ауа ағынын есептеу және жобалау үшін келесі мәліметтер қажет болады: цехтың атауы және оның өлшемі, жұмыс орындарының саны және міндеттемелері, жұмысшылар саны және энергошығын мөлшері бойынша жұмыстың қасиеті және категориясы, қондырғылардың атауы және орналасуы, газ, пар, шаң ластану аймақтары, жұмысшылардың жылу алмасу интенсивтілігі, зиянды заттардың шектік концентрациясы.

Механикалық ауа алмасу. Жұмыс істеу қасиетіне байланысты тағы да бөлінеді.

Нақтылы ауа алмасу өндірістік орындарда ауадағы зиянды заттардың төменгі шектік концентрациясында аз жылу бөлінгенде қолданылады және жергіліікті ауа алмасу жүйесі кезінде ауа алмасу күшейту үшін қолданылады.

Нақтылы механикалық вентиляция жалпы ауа алмасу жүйесі бойынша ауа шығынын компенсациялау үшін жиі қолданылады.

Вытяжная ауа алмасу ауадағы зиянды заттардың аз концентрациясында және ауа алмасудың аз еселігінде бүкіл ауданда ластанған ауаны жоюға қолданылады. Ауа алмасу есілігі осы формула арқылы анықталады:

$$К=L/V_{вн}\ , \qquad (5.1)$$

мұндағы L-өндіріс орнына жіберілетін ауа мөлшері, $м^3$/сағ.;

$V_{вн}$- өндіріс орнының ішкі көлемі,$м^3$.

Бөлінетін зиянды заттардың мөлшерін анықтауда қиындықтар туғанда өндіріс орнында бір жұмыскердің 20 $м^3$ ауданына 30 $м^3$/сағ сыртқы ауа берілісін жобалау қажет.

Вытяжной механикалық ауа алмасуды жобалағанда бөлінетін пар мен газ тығыздығын ескеру қажет. Егер ол ауа тығыздығынан аз болса, онда ауақабылдағыштар жұмыс орнының жоғарғы жағында орналасады, көп болса керсінше төмен жағында орналасады.

Жергілікті тартпалы ауа алмасу құрылғыларын көптеген газ,пар, шаң, аэрозоль бөлінетін жерлерде қояды. Бұндай ауа алмасу өндіріс орындарына зиянды заттардың енуіне алдын алады.


Жергілікті вытяжной ауа алмасуды газ немесе электрдәнекерлемелі посттарда, металлкесуші және ұштаушы станоктарда, гальваникалық құрылғыларда, техникалық қызмет көрсететін аккумуляторлы цехтарда, автомобиль және трактор өндіретін орындарда қолданылады.

Нақтылы тартпалы вентиляцияны негізінен жоғары еселігі бар тиімді ауа алмасудың қажетті кезде көптеген зиянды заттардың бөлінгенде қолданылады. Жұмыс орнына кенеттен токсикалық және жарылу қауіпі бар заттардың енген кезінде авария жағдайындағы вентиляцияны жобалайды.

Қалқандарының ашылып жабылуына байланысты оны жұмыс орнының ішінде немесе сыртында дистанционды түрде басқарылатындай етіп жасалады. Вентиляция құжатында авариялық вентилияция туралы мәлімет берілмеген жағдайда вентиляцияның еселігі к≥8 сағ болуын қамтамасыз ету.

Авариялық вентиляция іштегі ауаны сыртқа шығару керек, шығарылған ауаны адам көп орналасқан жерге,

Берілген диспечерлік пункт туралы мәлімет: Ұзындық L= 8 м, оның ені b=5 м, S=40 $м^2$, V=120 $м^3$.



5.5 сурет – Диспечерлік бөлменің сұлбасы

Диспечерлік пункта қызмет көрсететін бесперсонал бар, төрт персонал диспечер қызметін атқарса , бір персонал басты инжеренер. Күндізгі сменада

екі персонал жұмыс атқарады, бірі оператор инженер, ал екінішісі техник инженер.Нақтылы ауа алмасу өндірістік орындарда ауадағы зиянды заттардың төменгі шектік концентрациясында аз жылу бөлінгенде қолданылады және жергіліікті ауа алмасу жүйесі кезінде ауа алмасу күшейту үшін қолданылады.Нақтылы механикалық вентиляция жалпы ауа алмасу жүйесі бойынша ауа шығынын компенсациялау үшін жиі қолданылады.

Диспечерлік пунктың ауа алмасу процестерінде есеп жүргізу үшін негіз ретінде Шу-500 қосалқы станциясын алдық. Диспечерлік пунктта екі терезе орналасқан. Терезенің негізгі өлшемдері: биіктігі – 2.5 м, ұзындық өлшемі 2.6 м.

Жұмысшы персоналдардың саны – 5, копьютерлер саны – 4, ағзаның энергия шығару бойынша персоналдың жұмыс категориясы – жеңіл физикалық, дененің энергия шығыны – 123-180 кДж.

Микроклиматтың параметрлері: темпереатура t=26,3^{o}C, қысымы P=970 ГПа.

Ауа алмасу келесі формуламен есептелінеді:

$$n = L_n \cdot V_n , \qquad (5.2)$$

мұнда L_n - жылу артықтылығын жоғалту үшін бөлмеге түсетін ауаның саны, м^3/сағ;

V_n- бөлменің көлемі, м^3;

n - бөлмедегі ауа артықтылығын кеміту үшін ауа саны.

Бөлмеде электротехникалық құрылғылардың әсерінен, яғни компьютерлердің басқа да құрылғылар, жылу санын шығаруының артуына байланысты жылу мөлшері де біраз шамаға артады. Арнайы желдеткіштер арқылы оның шамасын азайтады.

$Q_{АЖ}$– артық шыққан жылу, ккал/сағ;

C_a - ауаның жылусыйымдылығы 0,24 ккал/кг^oC;
T – бөлмедегі ауа температурасы, ^oC;
$T_{кір}$ – бөлмеге кіретін ауа температурасы, ^oC;
γ_o - ауаның салыстырмалы массасы 1,2 кг/м^3;
Δt – жылу кернеулігіне байланысты таңдалынады.
Артық жылу формуласы:

$$Q_{АР}=Q_{ОБ}+Q_{ОСВ}+Q_{Л}+Q_{Р}-Q_{ОТД} \quad (5.3)$$

мұндағы $Q_{ОБ}$ – компьютерден шығатын жылу.

$$Q_{ОБ}=860\cdot P_{ОБ}\cdot\eta \quad (5.4)$$

мұндағы $P_{ОБ}$ –компьютердің қуаты $P_o=4\cdot0,15=0,6$кВт/сағ.
η- жылу өту коэффиценті (компьютер үшін 0,95).

$$Q_{ОБ}=860\cdot0,6\cdot0,95=490,2 \text{ ккал/сағ.}$$

Жарықтандыру құрылғысынан шығатын жылу:

$$Q_{ЖАР}=860\cdot P_{ЖАР}\cdot\alpha\cdot\beta\cdot\cos\varphi \quad (5.5)$$

мұндағы $P_{ЖАР}$- жарықтандыру құрылғының қуаты;
$P_{ЖАР}$ – 0,165 кВт, шамдар үшін энергияны жылуға айналдыру;
α - энергияны жылуға айналырудағы пайдалы әрекет коэффициенті(0,15);
β - белгілі бөлмедегі құрылғылардың бір мезетте жұмыс жасауы(1);

$$Q_{ЖАР}=860\cdot0,165\cdot0,15\cdot0,75=15,51 \text{ ккал/сағ;}$$

Адамнан шығатын жылу:

$$Q_{ад}=к_{адам}\cdot(q-q_{б.саны}) , \quad (5.6)$$

мұндағы к –жұмысшылар саны;
$(q-q_{б.саны})$ – анық жылу;
q – бір жұмысшыдан шығатын жылу (123 ккал/сағ);
$q_{б.саны}$ – булануға кететін жылу (50 ккал/сағ);

$$(q-q_{б.саны})=123-50=73 \text{ ккал/сағ;}$$

$$Q_{ад}=5\cdot 73=365 \text{ ккал/сағ};$$

Жыл мезгіліне байланысты табиғи жолмен берілетін жылу: $Q_{бер}=0$
Терезе арқылы күн сәулесінің жылуы:

$$Q_o=(q^1\cdot F_o{}^1+q^{11}\cdot F_o{}^{11})\cdot \beta_{с.з.}, \qquad (5.7)$$

мұндағы q^1, q^{11} – шашыраңқы және тік күн сәулесінен түсетін жылу, Вт/м^2;
$F_o{}^1, F_o{}^{11}$ – күн сәулесіне керек жарық ауданы, м^2;
$\beta_{с.з}$ – күннен қорғаныс құрылғысының өткізгіш коэффициенті.

5.1 кесте – Қорғаныс құрылғысының өткізгіш коэффицеңттері

Күннен қорғаныс құралдары	$\beta_{с.з}$
Сыртқы	
Ашық түсті перде	0,155
Қою түсті перде	0,25
Ағаш, пластмасса жалюзи	0,155
Ішкі	
Ашық түсті перде	0,45
Қою түсті перде	0,85

Әйнек арқылы түсетін күн сәулесінің сәулелену мезгілі үшін: $F_o{}^1=F_o$, $F_o{}^{11}=0$.

$$Q_o=q^1\cdot F_o{}^1\cdot \beta_{с.з.}=(q_{вп}+q_{вр})\cdot к_1\cdot к_2\cdot \beta_{с.з}\cdot N_o\cdot B_o \qquad (5.8)$$

Әйнек арқылы күн сәулесінің тікелей түспеуі, көлеңке кезінде; $F_o{}^1=0$, $F_o{}^{11}=0$.

$$Q_o=q^{11}\cdot F_0\cdot \beta_{с.з.}=q_{вр}\cdot к_1\cdot к_2\cdot \beta_{с.з}\cdot N_o\cdot B_o\cdot n \qquad (5.9)$$

мұндағы $q_{вп}$, $q_{вр}$ – белгілі жерге түсетін сәулелік жылулық түсімдер.
$F_0=N_o\cdot B_o\cdot n$- жарық түскен жер ауданы, м^2;
$К_о$ – жарық сәулесінің көлеңкеленуін есептейтін коэффициент;
$К_2$ – әйнектелу үшін есептелінентін коэффициент;
$К^с_1$ – күн түсетін тесік;
$К^т_1$ – көлеңкедегі тесік;

$$К^с_1=0,543 ; К^т_1=1,151; К_2=0,95; \beta_{с.з}=0,45.$$

$$F_0=2\cdot3,5\cdot5,5=38,5\ м^2.$$

Периодтағы ауаның жылу кернеулігі:

$$V_п=120\ м^3,$$

$$Q_н=\frac{3070,65}{120}=25,5\ Вт/м^3$$

25,5 Вт/м^3>20 ккал/м^3 болғандықтан,онда $\Delta t=9^oC$.

Бөлмеден шығарылатын ауа көлемі:

$$L_B=\frac{3070\cdot860}{0.24\cdot8\cdot1.233}=1142,3\ м^3/сағ$$

Ауа алмасу қатынасы:

.

$$n=\frac{1142,3}{120}=9.28\ сағ$$

Табылған ауа алмасу қатынасы микроклиматтың оптималды жағдай жасауға қабілетті. Берілген мәліметтер бойынша LG маркалы 1 желдеткіш таңдалды.

5.2 кесте – Желдеткіш сипаттамасы

Модель	Тұтыну қуаты, кВт.	Суыту қуаты, кВт.	Жылыту қуаты, кВт.	Ауа шығыны, м^3	Габариті
LG P 04AH	3	8,45	8,35	1140	550x1600x300

5 Экономикалық бөлім

5.1 Басқарылатын шунтты реакторлардың және ӘЖ құрылысының экономикалық тиімділігін бағалау

Энергетика кәсіпорыны техникалық мәселелерді шешу кезінде қашан да шығындар мен жоба өндірісінің нәтижелері арасында үйлесімді арақатынасқа ие болуы және күрделі қаржы жұмсаудың жаңа формаларын қарастыруы тиіс.

Капиталдық салымдардың тиімділігі алынатын нәтиже мен жасалған шығындарды салыстыру жолымен анықталады. Әрбір нұсқаның сандық және сапалық сипаттамалары құндық шамада бағалануы тиіс.

Негіздеменің әдістемесі келесі кезеңдерден тұрады:

- баламалы (ауыстырылатын) қондырғыны салыстырудың негізін таңдау:
- бағалаудың көрсеткіштерін (өлшемдерін/критерийлерін) таңдау;
- есеп айырысу кезеңді анықтау;
- жаңа техниканың шекті (критикалық) сипаттамаларын белгілеу.

Баламалы (ауыстырылатын) қондырғы ретінде пайдалануда дәстүрлі игерілген ең жоғарғы техникалық-экономикалық көрсеткіштерге ие техника қарастырылады. Сонымен бірге, салыстырылатын нұсқалар өндіріс режимі (ең жоғарғы/базистік) бойынша салыстырылуы және аймақтың энергия және жылу энергиясын (қуатына) белгіленген қажеттіліктерін қамтамасыз етуі тиіс.

Тиімділікті есептеу кезінде интегралды (дисконттық), қарапайым (ескішілдікке негізделген) көрсеткіштер, сондай-ақ, басқалары да бірге қолданылуы мүмкін.

Дисконтты әдістерді қолдану интегралдық шығындар мен инвестициялық шешімнің нәтижелерін анықтау жобаланатын есеп айырысу кезеңнің негіздемесін талап етеді. Әдетте, есеп айырысу кезеңі ретінде нормативті қызмет кезеңін (амортизациялық кезең) таңдайды. Дегенмен, озық қондырғылар үшін едәуір қысқа болып келетін моральдық тозу кезеңін ескерген дұрысырақ.

ШР орнатқанда және желі құрылысына кететін шығын бағасы

Шығын бағасы 500 кВ қосалқы станциядағы орналасқан шунтты реакторларға кететін шығындар мен эксплуатациялық шығындардан тұрады. Қосалқыстанцияға кететін ақшалай жұмсалымдар анықтамада енгізілген келесідей шамалардың қосындысынан тұрады

- Барлық кернеудегі тарату құрылғылары;
- Өтемдеуші құрылғылар және реакторлар;
- Шығындардың қалыпты бөлігі.

Қосалқы станциялардың құрылғыларына кететін капиталды салымдар келесі формула бойынша анықталады

$$К_{П/СТ}=(\sum К_i \cdot n_i+К_{пост}) \cdot \alpha_р , \qquad (5.1)$$

мұнда $К_i$ – тарату құрылғыларының, трансформаторлардың, токшектеуіш реакторлардың, басқа да қосымша жоғарыжиілікті байланыспен жабдықталған жәшіктің капиталды салымдары;

n_i– таңдалған құрылғының саны;

$К_{пост}$– қосалқы станция қуатына байланысты емес, қосалқы станцияның қалыпты шығындары;

$\alpha_р$– құрылғының аймағын ескеретін коэффициент.

Тарату құрылғыларының жәшіктерінің есептік бағасы ажыратқыштардың, ток және кернеу трансформаторларының, басқару аппаратуралары,сигнализация, автоматика және релелік қорғаныс, кабельдер, құрылыстық конструкциялар және іргетастың бағаларының қосындысы ескеріледі.

Трансформаторлардың есептік бағасы шинопровод, кабельдер, жайқорғағыш, жерлендеру, құрылыс конструкциялары және монтаж жұмыстарының бағаларының қосындысы.

Қосалқы станциялардың қалыпты шығындарына территорияны дайындауға шығындары, өзіндік мұқтажға кететін шығындар, аккумулятор батареяларына, су құбырлары, сыртқы жарықтандыру басқа да шығындардың қосындысы.

Барлық капиталды салымдар келесі кестеде көрсетілген.

5.2 кесте – БШРды Жамбыл ҚС орнатудағы капиталды салымдар

Құрылғы	Құрылғылар саны	Бір құрылғының бағасы, млн.тг.	Жалпы құны, млн.тг.
БШР ажыратқышпен бірге	2	950	1 900
Басқа да шығындар	2	104,5	209
Барлығы			2109

Әуе желі құрылысына кететін шығын бағасы.

5.3 кесте - Әуе желісінің жабдықтарына кететін капиталды салымдар

№	Атауы	Құны, тг	Саны	Жалпы құны, тг
1	Р2 типті тіректер	750000	1450	1,087 млрд
2	АС 400/51 маркалы сым	500 тг/м	512000	768 млн
3	Жайқорғағыш тросс	145 тг/м	512000	219,3 млн
4	ПСВ 160А изолятор	4500	23000	103,5 млн
5	Арматура			450 млн
6	Басқа да шығындар			289 млн
7	Барлығы			2,891млрд

Шығын бағасы желідегі тіректердің, сымның, арматура және тағыда басқа жабдықтардың бағасының қосындысына тең болады.

$$К_{ӘЖ}=К_{т}+К_{сым}+К_{а}+К_{б} \quad (5.2)$$

5.4 кесте - Жоба бойынша жалпы салым

№	Атауы	Құны, млн.теңге
1	ҚС кеңейту	2109
2	АЖ құрылысы	2891
3	Барлығы	5000

Жобаның жалпы капиталды салымы

$$К_{ПС}=5 \text{ млрд.теңге}$$

5.1.1 Эксплуатациялық шығындар есептеулері.
Шығындарды келесі формуламен анықтаймыз:

$$И_{экс}=И_{ам}+И_{об/рем}, \quad (5.3)$$

мұнда, $И_{ам}$ – жылдық амортизациялық шығындар, теңге/жыл.

$$И_{ам}=\frac{\alpha_{ам}}{100}\cdot К_{ПС}, \quad (5.4)$$

мұнда, $\alpha_{ам}$ - амортизацияға бөлінетін норма, 3%/жыл;

$И_{об/рем}$– ремонт пен қызмет көрсетуге кететін шығындар, теңге/жыл.

$$И_{об/рем}=\frac{\alpha_{об/рем}}{100}\cdot К_{ПС,} \quad (5.5)$$

мұнда, $\alpha_{об/рем}$ - ремонт және электр желілерінің қызмет көрстеу шығындары, 6%/жыл.

5.5кесте - Эксплуатациялық шығындар есептулері

Элемент	Кап.салым ,млн.теңге.	$\alpha_{ам}$, %	$\alpha_{об/рем}$,%	$И_{ам}$, млн.тг./жыл	$И_{об/рем}$, млн.тг./жыл
ҚС кеңейту	2109	3	6	63,27	126,55
АЖ құрылысы	2891	3	6	86,73	173,46
Барлығы				150	300,1

Желі ішінде электр энергия берілісінің өзіндің құны тұтынушыға берілген энергия және беріліс, тарату кезіндегі шығындардың қосындысынан тұрады.

$$И_{\sum} = И_{перед} + И_{пост}, \quad (5.6)$$

$$И^{пост} = И^{з.п} + И^{с.н} + И^{ам} + И^{об/рем} + И^{мат} + И^{п.ф}, \quad (5.7)$$

мұндағы $И^{з.п}$ – еңбек ақыға пайдалану шығыны;

$И^{с.н}$ – әлеуметтік салықтыққа пайдалану шығыны;

$И^{ам}$ – амортизациялауға пайдалану шығыны;

$И^{об/рем}$ – қызмет көрсету мен жөндеуге пайдалану шығыны;

$И^{мат}$ – материалдық пайдалану шығыны;

$И^{пот}$ – электр энергия шығынына пайдалану шығыны;

$И^{п.ф}$ – зейнеткерлік қорға жіберуге пайдалану шығыны.

Еңбек ақыға пайдалану шығыны:

$$И_1^{з.п} = n_1^{раб} \cdot З_1^{ср} \cdot 12 \cdot К_н = 30 \cdot 70000 \cdot 24 \cdot 1.2 = 60.480 \text{ млн.тенге/ жыл}$$

мұндағы $З_1^{ср}$ – жұмыскердің орташа айлық еңбек ақысы (70000 тенге);

$n_1^{раб}$ – жұмыскерлер құрамы (30 адам);

24 – екі жылдағы айдың саны;

$К_н = 1,2$ – қосымша еңбек ақыны есептейтін коэффициент.

Зейнеткерлік қорға жіберуге пайдалану шығыны:

$$И_1^{п.ф} = 10\% \cdot И_1^{з.п} = 0.1 \cdot 60,48 = 6.048 \text{ млн.тенге}$$

Әлеуметтік салыққа пайдалану шығыны:

$$И_1^{с.н} = (И_1^{з.п} - И_1^{п.ф}) \cdot 11\% = (60.48 - 6.048) \cdot 0.11 = 5.9 \text{ млн.тенге}$$

Материалдық пайдалану шығыны:

$$И_1^{мат} = \left(И_1^{з.п} + И_1^{об/рем}\right) \cdot 20\% = (60.48 + 239) \cdot 0.2 = 59,8 \text{ млн.тенге/ жыл}$$

Барлық пайдалану шығындары:

$$И_1^{пост} = 60,48 + 5,9 + 150 + 300,1 + 59,8 + 6,048 = 482,3 \text{ млн.тенге}$$

5.6 кесте - Қалыпты және айнымалы шығындар бағасы

№	Атауы	Бағасы, млн/теңге
1	Қалыпты шығындар	482
2	Айнымалы шығындар	1,53·550·6800=5,72

$$S=\frac{\sum И}{Э_{жыл}} \quad (5.8)$$

$$S_1=\frac{482\cdot10^6}{1080\cdot10^6}=0,44 \text{ тенге/кВт·сағат;}$$

$$S_2=\frac{5,72\cdot10^6}{1080\cdot10^6}=0,005 \text{тенге/кВт·сағат.}$$

$$S=S_1+S_2; \quad (5.9)$$

Онда өзіндік құны:

$$S=0,44+0,005=0,445 \text{ теңге/кВт·сағат.}$$

Желі іске қосылғанда болжамдық есептеулер.

2015 жылғы KEGOC енгізген тариф бойынша 1,537 теңге/кВт·сағат.
Жобаланған көлемдегі беріліс электрэнергиясынан түскен пайда:

$$V_{реал}=Э\cdot Т=180\cdot6000=1080000 \text{ мың кВт.сағат;}$$

$$V_{реал}=1080\cdot1,537=1695 \text{ млн.теңге.}$$

Электрэнергиядан түскен табыстан қалған қалдық:

$$П=V_{реал}=1695 \text{ млн.теңге.}$$

Салық салуды ескерсек (пайдадан түскен салық 20%), онда таза пайда мәні келесідей болады:

$$ЧП=1695\cdot0,8=1356,5 \text{млн. тг.}$$

Пайданың 100%-ы толықтай инвестиция құнын өтеуге жұмсалады.

$$ЧП_{ИНВ}=1356,5\cdot1=1356,5 \text{ млн.тг.}$$

Ақша ағыны келесі формула арқылы табылады

$$CF = ЧП_{ИНВ} + И_{ам}; \quad (5.10)$$

$$CF=119,9+1356,5=1537,4 \text{ млн.теңге.}$$

(PP) «Өтелу мерзімі»

Есептеу келесі формулаарқылы жүзеге асады:

$$PP = \frac{I_o}{CF}, \quad (5.11)$$

мұндағы CF – ақша ағыны;

I_o =5,52 млрд.тенге - инвестиция құны.

$$PP = \frac{4,54 \cdot 10^9}{1537,4 \cdot 10^6} = 2,95 \text{жыл.}$$

Есептеулерден инвестицияның өтелу мерзімі 2,95 жылға тең екенін байқаймыз.

5.2 Инвестицияның қаржы экономикалық тиімділігі

Бұл проектр коммерциялық болмағандықтан, одан тікелей пайда табу басты міндет болыптабылмайды және есептеулердегі көрсеткіштер біркелкі емес болады.

Дисконттау әдісі бойынша, оның ішінде таза дисконтталған кіріс есептеулері, ішкі пайда нормалары, дисконтталған шығындар мен пайда қатынасы

Инвестицияның қаржылық экономикалық тиімділігін көрсететін көрстекіштер;

- қарапайым көрсеткіштер:

- қарапайым пайда нормалары – инвестицияның рентабельдік нормалары; аз және орта деңгейдегі кірістің жобаның ары қарай анализ жасауына мүмкіндік береді;

- капиталды салымның өтелу уақыты; белгілі бір уақыт ішінде түскен пайданың тікелей инвестицияғы кеткен соманы жабу қабілеті. Мұнда объект ең біріншіден өзіне жұмыс жасайды, яғни алғашқы салымды ақтау мақсатында.

- Банктік несие мен пайыздарды мүмкін болатындай толық қайтару уақыты; белгілі бір уақыт аралығында банктің қарыздарын өнімнен шыққан пайда арқасында жабу процесін айтады.

- интегралды көрсеткіштер;

- таза дисконтталған кіріс; бұл көрсеткіш ақша ағымдарын тікелей көрсетеді; инвестицияның тиімділігін көрсететін шарт; $Э_Д>0$ болғанда, жобадан түскен пайда орта дисконттау мәнінен артық болады.

- ішкі кіріс нормалары; дисконттау нормасымен анықталатын, мұндағы таза дисконтталған кіріс нолге тең болады; инвестицияның тиімділігі ішкі кіріс норма өлшемдері орта дисконттау нормативінен үлкен болу қажет: $E_{Вн}>E_{ср}$;

- Дисконттау шығындарының өтеу уақыты; белгілі бір период ішінде таза пайда арқасында дисконтталған капиталды салымды ақтауға кетеін уақыт; инвестицияның тиімділігін көрсететін шарт $Т_{ок}>Т_р$;

-Кірістің таза көрсеткіші (NetPresentValue) капиталды салымның көлемін анықтауға мүмкіндік береді.

Дисконттау – бұл бүгін инвестицияланатын құралдардың болашақ бағасын есептеу процессі немесе ақша құндылығының кері есептеулері, яғни келешекте белгілі соманы алу үшін бүгін оны қандай көлемде инвестициялауды анықтау.

$$PV = FV \cdot \frac{1}{(1+r)^n}, \qquad (5.12)$$

мұндағы, PV – құралдардың болашақ қосындысы;
FV – банктің пайыздық ставкасы;
n – жобаны іске асыру уақыты.

NPV – бұл жобаны іске асыру тудыратын ақша салымдарының қосындысымен, оның ағындық құнына дисконтталған және осы жобаны іске асыруға қажетті барлық шығындардың ағындық құндарының дисконтталған қосындысы.

$$NPV = \sum_{t=1}^{n} \frac{CFn}{(1+r)^t} - I_0 \qquad (5.13)$$

мұндағы, I_o – бастапқы салынған құралдар;
CF – қаржы құралдарының түсуі;
r – банктың пайыздық ставкасы;
t – жобаның іске асыру жылдары.

Т (ақталудың дисконтталған уақыты) – интегралды эффект оң болатын ол келешекте сол күйде қалатын жобаны іске асыру басталған интервал – минималды уақыт:

$$Т = \frac{К}{П}; \qquad (5.14)$$

Егер Т – минималды болса, онда жоба тиімді.

Т – дисконттаумен анықталуы керек (қарапайымдалған сұлбада дисконттауды қолданбауға болады).

R= 15% банк пайызы үшін IRR есептелінеді

PV=1537x0,87=1474 млн. теңге

NPV=-6057+1474=-4583 млрд. теңге

Таза құнды есептеулер нәтижесін 7.1-кестеге толтырамыз.

7.1 к е с т е – Берілген нұсқа үшін NPV есебінің нәтижесі

жылдар	CF,млн.теңге	$1/(1+r)^n$	PV, млн.теңге	NPV, млн.теңге
0	-5000	1	5000	-5000
1	1537	0,87	1374	-3626
2	1537	0.76	1168	-2458
3	1537	0,66	1014	-1444
4	1537	0,5	876	-568
5	1537	0,43	660,9	91,9

Пайданың ішкі нормасын есептеу әдісі (IRR). IRR пайданың ішкі әдісі инвестициялау мақсатындағы құралдардың ақталу деңгейін немесе NPV кездегі r нөл мәні. IRR жоба бойынша риск деңгейінің индикаторы қызметінде. IRR фирманың қабылданған тосқауыл коэффициенті қандай үлкен деңгейде басып озады, соншалықты жобаның төзімділігі қоры үлкен және болашақ ақша салымдарын есептегендегі қателіктер аз болады.

$$IRR = \sum_{1}^{n} \frac{CF_n}{(1+r)^n} - I_0 = 0 \qquad (5.15)$$

Жоғарыдағы есептеулер бойынша ақталу мерзімі дисконттаумен 4 жыл кетеді. Жобаға ақшалай капитал салыим ретінде 5млрд теңге қажет. Жобаның өтеу уақыты 4 жыл болғандықтан, жоба экономикалық тұрғыдын тиімді деп есептуге негіз бар.

Қорытынды

Жасалынған есептеулер бойынша жаңа жобаланған қашықтығы 512 км болатын ЮКГРЭС-Жамбыл 500 кВ әуе желісі болашақта Оңтүстік аудандардың, әсіресе Жамбыл облысының энергия тапшылығын шеше алады. Бұл қуаттар балансының өзгерген жағдайда режимдерді басқаруға мүмкіндік береді.

Тораптағы әртүрлі қалыпты, апаттық, максималды режимдер бойынша RASTR бағдарламасы арқылы есептеулер жүргізіліп, тораптың сұлбасы салынды.

Есептеулер және шарттар бойынша әуе желісіне ең тиімді сым ретінде АС-400/51 таңдалған.

Әуе желісіне есептеулер жүргізгенде, ауданның климаты және сырттағы күштер ескеріліп, Р2 типті тірек таңдалды.

Техникалық экономикалық есептеулер бұл жобаның капиталды салымы 5 млрд. теңге, ол 4,5 жылда өтеп шыға алады.

Өміртіршілік қауіпсіз бөлімі бойынша тораптағы электромагнитік өрістің персоналға әсері, статикалық өріс және Жамбыл қосалқы станциясындағы диспечерлік бөлімінің ауа алмасу процессі есептелінді.

Сонымен, келтірілген есептеулерге сараптама жасай отырып экономикалық тұрғыдан бұл жоба тиімді деп саналады.

Кернеулерді реттеу және транзиттегі режимді оптимизациялау үшін жаңа өтемдеуші құрылығы FACTS қосалқы станцияға басқарылатын шунтты реактор орнатылды.

Өтемдеуші құрылғылар транзиттегі шығын, кернеулерді тұрақтандыру және өткізгіш қабілетті арттыруға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер

1. Г.С. Зиновьев. Основы силовой электроники. Учебник. Москва: Издательство: МГТУ, 2001. Ч.1-155 с.
2. Управляемые подмагничиванием шунтирующие реакторы./ сб. Статьей под доктора технических наук проф. А.М. Брянцева. – «Знак». 255 ст. 2012 г.
3. Воздушные линии с УШР. Однофазное повторное автоматическое прдключение/ Г.А. Щескин. – журнал «Энергетик», №4, 2012.
4. Опыт применения линейных управляемых шунтирующих реакторов. Возможные проблемы и пути их решения./Аристов К.В., Долгополов А.Г.,1995 г.
5. Кондратенко Д.В., Соколов Ю.В. - Журнал Электро, №4., 2012. 7 Данные исследовательского института за 2011 год Ricerca sul Sistema
   Energetico, Италия.
6. Электрические системы. Электрические расчеты, программирование и оптимизация режимов/Под ред. В. А. Веникова. М.: Высшая школа, 19.230с.
7. ТЭО «Строительства ВЛ 500 кВ Экибастуз – ШГЭС – УстьКаменогорск». АО КазНИПИИТЭС «Энергия», 2011 г.
8. ТЭО «Строительство ВЛ 500 кВ ШГЭС-Актогай-ТалдыкорганАлма», ТОО «ESR», Алматы, 2012.
9. Статистические сборники Агентства Республики Казахстан по статистике за 2000-2010 гг.;
10. Годовые отчеты АО «KEGOC» за 2010-2011.
11. Технико-экономические показатели работы электростанций за ряд отчетных лет (форма 6-ТП);
12. В.И. Идельчик. Электрические системы и сети. Москва, Энергоатомиздат, 1992.
13. С. Рокотян, И.М. Шапиро. Справочник по проектированию электроэнергетических систем. Третье издание, переработанное и дополненное. Москва, Энергоатомиздат, 1994
14. ПУЭ РК, 2003.-418 с.
15. Сборник сметных цен на строительные материалы, изделия и конструкции, СН РК 8.02-04-2002 г. Астана, 2003.